

Тапсырма: Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтаңыздар

Анықтамалық белгілері	Гранит	Бор	Кварц	Малахит	Мәрмәр	Графит
Түсі						
Мөлдірлігі						
Жылтырлығы						
Иілгіштігі						
Қаттылығы						
Салмағы						
Пайда болу жолы						

Тапсырма: Тау жыныстары мен минералдардың қасиеттерін анықтаңыздар

Анықтамалық белгілері	Гранит	Бор	Кварц	Малахит	Мәрмәр	Графит
Түсі						
Мөлдірлігі						
Жылтырлығы						
Иілгіштігі						
Қаттылығы						
Салмағы						
Пайда болу жолы						



МӘРМӘР

Әдемілігі және аса беріктігімен ерекшеленетін «жылтыр тас» - мәрмәр сәулет және мүсін өнерінде қолданылады



АЛТЫН

Әлемдегі ең танымал металл, мыңдаған жылдан бері материалдық байлық пен құндықтың белгісі ретінде бағаланады



КВАРЦ

Шынымас атауына ие кварц табиғатта ең көп таралған минерал. Өнеркәсіп, медицина, радиотехника, механика, ыдыс, әшекей саласында маңызы зор



ПЕМЗА

Жанартау атқылау кезінде булар мен газдарға бай қышқыл лабаның кеуектеніп, тез қатаюынан түзілетін тау жынысы



КӨМІР

Өсімдік қалдықтарынан түзілген жанғыш, қатты шөгінді тау жынысы. Көмірдің қоңыр көмір, тас көмір және аса бағалы антрацит деген түрлері бар



ХАЛЦЕДОН

Глистика (түрлі-түсті және асыл тастарға ою салу) өнеріне негіз болған әр алуан сортты, түрлі-түсті, өте әдемі, сиқырлы және емдік қасиеті бар минерал



МАЛАХИТ

Мальба, өсімдік түсіндей жасыл жапыраққа ұқсастығымен аталған минерал. Зергерлік және әшекей бұйымдар, бояу, мыс өндірісінде қолданылады



ВОЛЬФРАМ

Өте сирек кездесетін, қиын балқитын бұл металл электр шамының қылы, электр нештерінде қыздырғыштар, рентген түтіктерінде, катодтар, кесу құралы ретінде қолданылады



ПИРИТ

Ұшқын шығаратын қасиетіне «от тас» атауына ие текше кристалды минерал. Алтын іздеушілер минералды «ақымақтың алтыны» деп атады



КӘРІНТАС

«Электр» деген сөзге негіз болған ашық сарыдан қоңыр, құба түске дейін құбылатын өте нәзік, мөлдір тас. Өңделген кәрінтасстар Калининград облысындағы Янтарь деген ауылдан шығады



АЛМАЗ

Ең мықты, жарықтың әсерінен түрлі-түстермен ерекше жарқырайтын қасиеті бар минерал. Қырлап, мәнерленген алмаз өте қымбат тауар тасқа айналады.



ГРАФИТ

Жер қыртысында ең жиі кездесетін минерал. Грекше «жазамын» деген мағына беретін графит қарындаш жасау, пигмент, құрылыс саласында аса маңызды



ГУПС

Грекше «бор» деген мағына беретін бұл минерал 200 млн бұрын пайда болған. Гипс медицинада, хирургия, металлургия, құрылыс, қағаз, бояу, мүсін өнерінде қолданылады



АПАТІТ

Апатитті жасылдау түсін оливинмен, көгілдір түсін топаз, қызғылт түсін турмалинмен шатастыратын болғандықтан гректер «апатао» - «алдаймын» деп атаған



ФОСФОРІТ

Фосфорит кені - әлемдік экономиканың аса қажетті шикізаты. «Жарық шығарғыш» деген мағына беретін фосфор оттектен қарқынды әрекеттеседі



ГРАНИТ

Құрамында кварц, қала шпаты, слюда кездесетін магмалық тау жынысы. Аса берік, жылтыр, түрлі пигменттері бар табиғи тас сәулет өнері мен құрылыста қолданылады

**Түйіршікті
агрегаттар -**

кесек топырақтарды еске
салатын, борпылдақ,
жұмсақ минералдардың
жинағы

Сталактиттер

үңгірлердің төбесінен
салбырап тұрған тас
сүңгілер

Друзалар -

ортақ негізі бар
кристалдардың жабыса
шыққан өскіні

Сталагмиттер

үңгірлердің түбінен
көтерілген тас
бағаналар

Жеодалар -

минералдармен толығымен
немесе жартылай
толтырылған тау
жыныстарындағы қуыстар

Дендриттер -

жыныстардағы
кристалдардың
өсімдіктерге ұқсап
жабыса шыққан өскіні

Конкреция-

минералдардың
жұмыр, домалақша
тұтастырғыштары

**Сауысты
пішіндер**

қуыстардың қабырғаларынан
буланған ерітінділердің немесе
төбеден тамшылаған кристал
түйіршектердің түсуі нәтижесінде
пайда болған агрегаттар